

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТИ**



**5B011900- Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру бағдарламасының деңгейі:** Бакалавриат

**Дайындау бағыты:**                    Білім

**Берілетін дәрежесі:** 5B011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша білім бакалавры

Шымкент, 2016ж.

**«5B011900- Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы жоғары білім берудің МЖМС негізінде, 23.08.2012 жылғы № 1080 ҚР Үкіметінің қаулысымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілді), 20.04.2011 жылғы №152 ҚР БФМ «Оку үрдісін ұйымдастыруды кредиттік технологияны оқытудың Ережелерін» бекіту (ҚР БФМ 2014 жылғы 02 маусымдағы №198 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді) бұйрығымен, 16.08.2013 жылғы ҚР БФМ № 343 (ҚР БФМ 2016 жылғы 5 шілдедегі №425 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді) бұйрығына сәйкес жасалынған **«5B011900-Шетел тілі: екі шетел тілі»** мамандығының типтік оку бағдарламалары негізінде құрастырылған.**

Құрастырушылар: 1. аға оқытушы Дауеева М.С.  
2. аға оқытушы А.Байтенова  
3. магистр, оқытушы Абетаева П.

«Филология» кафедрасының әдістемелік комиссиясында (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) және мәжілісінде (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Кафедра менгерушісі

Нұрымова К.У.

ӘК төрайымы

Байтенова А.

Гуманитарлы-құқық факультетінің әдістемелік кеңесінде (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) мақұлданды.

ӘК төрайымы

Қожабергенова Н.

Шымкент университетінің оку-әдістемелік кеңесімен (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) бекітуге ұсынылды.

ОӘК төрайымы

Қозбағарова Б.С.

## МАЗМУНЫ

<b>1. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы .....</b>	<b>5</b>
1.1 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері .....	5
1.2 Дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының сипаттамасы .....	5
1.2.1 Мамандықтар тобындағы білім беру бағдарламасының орны .....	5
1.2.2 Білім беру бағдарламасы бойынша құтілетін траекториялар тізбесі Студенттердің жеке оқу жоспарында көрсетілген .....	5
1.2.3. Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективалары .....	5
1.3 Кәсіби қызметтің сипаттамасы .....	5
1.3.1 Кәсіби қызмет сферасы .....	5
1.3.2 Кәсіби қызмет объектісі .....	5
1.3.3 Кәсіби қызмет түрлері .....	6
1.3.4 Кәсіби қызмет функциясы .....	6
1.3.5 Кәсіби қызмет бойынша типтік тапсырмалары .....	6
1.3.6 Кәсіби қызметтің мазмұны .....	7
<b>2. Оқытудан құтілетін нәтижелер .....</b>	<b>7</b>
<b>3. 5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша бітіруші түлекке тағайындала-тын құзыреттіліктер .....</b>	<b>7</b>
3.1 Шешуші құзыреттіліктер .....	7
3.1.1. Жалпы білімділікке қойылатын талаптар .....	7
3.1.2 Әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптар .....	7
3.1.3 Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне қойылатын талаптар.....	8
3.1.4 Өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік ұтқырлықта байланысты дайындыққа қойылатын талаптар .....	8
3.2 Кәсіби құзыреттіліктер .....	8
3.2.1 А - білуі және түсінуі тиіс .....	8
3.2.2 В - білім мен түсінгенін қолдануы .....	8
3.2.3 С- пікір айтуды қалыптастыру .....	9
3.2.4 Д - Дараптық коммуникативтік мүмкіндіктер .....	9
3.2.5 Е - оқу дағдылары немесе оқуга деген қабілеттілік .....	9
<b>4. Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты .....</b>	<b>9</b>
4.1 Білім беру бағдарламасына түсушілердің деңгейін айқындау ережесі .....	9
4.2 Оқыту нәтижесін ағымдағы бақылау .....	10
4.3 Оқыту нәтижесін қорытынды бақылау .....	10
4.4 Кредиттерді жинақтау және бағалау ережесі .....	10
4.5 Түлектердің жұмысқа орналасу динамикасын бақылау .....	11
<b>5. Білім беру бағдарламасын іске асыруға қойылатын талаптар .....</b>	<b>12</b>
5.1 Міндетті пәндер каталогы .....	12
5.2 Элективті пәндер каталогы .....	12
5.3 Практика бойынша бағдарламалар .....	12
5.4 Мамандықтың үлгілік оқу жоспары .....	12

5.5 Студенттің жеке оқу жоспары .....	12
5.6 Жұмыс оқу жоспары .....	12
5.7 Академиялық календарь .....	12
5.8 Білім беру бағдарламасының мазмұны .....	12
5.9 Жиынтық кесте .....	12
5.10 Формуляр .....	12
5.11 Кәсіби құзыреттілік және пәндер құзыреттілігінің матрицасы .....	12
5.12 Білім беру бағдарламасының бітірушілері менгеруі тиіс негізгі құзыреттер ...	12
<b>6. Білім беру бағдарламасын қолдау</b>	
6.1 Интелектуалды ресурстар (Профессор-оқытушылар құрамы туралы) .....	13
6.2 Материалды ресурстар (Материалды-техникалық база туралы) .....	13
6.3 Білім беру ресурстары (Оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылуы) .....	13
<b>7. 5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының білім беру бағдарламасы компоненттерін бөлу нормасы және құрылымы .....</b>	14
<b>8. Білім беру бағдарламасын модернизациялау .....</b>	15

## **1. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы**

### **1.1 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:**

**Университет миссиясы:** Қазақстанның оңтүстік аймағының еңбек нарығы үшін білімді, бәсекеге қабілетті және ұлтжандылықта тәрбиеленген мамандар дайындау мақсатында білім беру қызметтерінің сапасын үнемі жақсарту.

**Білім беру бағдарламасы** - еліміздің экономикасының еңбек нарығында өркендең даму мүмкіншіліктері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу ді **мақсат** етеді. Шетел тілі бойынша кәсіби құзіреттілікті толық игеріп, сапалы кәсіби білім алу үшін жағдайлар жасау.

**Білім беру бағдарламасы** білім, ғылым және өндірістің кірігүй қамтамасыз ету мақсатында жалпы орта білім, орта арнаулы кәсіби білім беру мекемелерінде мұғалім, шетел тілі мәселеімен шұғылданатын ғылыми-зерттеу институттарында, жоғары оқу орындарында ғылыми қызметкер ретінде жұмыс жасай алатын білімі мен құзыretі жеткілікті ғылыми және ғылыми-педагог маман дайындауға бағытталған **міндеттер** қояды. Сол себепті:

- білім алушы саналы үрпақта сапалы білім беру;
- дүниетаным, тіршіліктің ғылыми-философиялық, діни негіздері, адам өмірі және қызметінің мазмұны мен теориялық мәні туралы терең білім беру;
- кәсіби қалыптасқан маман дайындау;
- білім саласында толыққанды және сапалы кәсіптік білім алуы;
- білім алушылардың кәсіби бағдарына және өз бетімен білім алуына жағдай жасау;
- оқу процесінде қажетті оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

### **1.2 Дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының сипаттамасы**

#### *1.2.1 Мамандықтар тобындағы білім беру бағдарламасының орны*

5B011900 –Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы өз саласы бойынша кәсіби қызмет мазмұнын толыққанды және сапалы кәсіптік білім алуы тиіс болғандықтан Білім тобына жатады.

*1.2.2 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін траекториялар тізбесі студенттердің жеке оқу жоспарында көрсетілген.*

5B011900 –Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша бітірген түлекке «Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша білім бакалавры» дәрежесі беріледі.

Олар жалпы білім беретін мектептерде, лицей, колледж, гимназияларда шет тілі мұғалімі, жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде ғылыми қызметкер бола алады.

#### *1.2.3 Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективалары*

Осы мамандықты бітіруші түлектердің кәсіби қызметтің төменгі бағыттарына жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар:

- білім беру;
- тәрбие беру;
- ұйымдастыру-басқару;
- ғылыми-зерттеу.

### **1.3 Кәсіби қызметінің сипаттамасы**

#### *1.3.1 Кәсіби қызмет сферасы*

5B011900 –Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығын бітірген бакалавр өзінің кәсіби қызметін жеке тұлғаның шетел тілінің оқу құралдары арқылы дамуын қамтамасыз ететін шетел тілін менгеру саласында қызмет аткарады.

#### *1.3.2 Кәсіби қызмет обьектісі*

Оқу бітіруші түлектердің кәсіптік қызмет нысандарына – шетел тілдік үздіксіз және бірізді білім беретін оқу орындары: жалпы білім беретін мектептер, лицей, гимназия,

педагогикалық колледж, орта кәсіби білім беру мекемелері ғылыми-зерттеу орындары, шығармашылық ұйымдар, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар жатады.

### *1.3.3 Кәсіби қызмет түрлері*

5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша білім бакалаврлары мынадай кәсіби қызмет түрлерін атқара алады:

- білім беру (педагогикалық) – оқушылардың шетел тілінде қарым-қатынас жасау құзырын қалыптастыруға қойылатын деңгейлі халықаралық стандарт талаптарын ескере отырып, немесе екі шетел тілінің мұғалімі қызметін атқаруы;
- ғылыми-зерттеу: ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқу, шетел тілі білімін менгерудің озат тәжірибесімен танысып, оны қорыту тәжірибелер жүргізу және олардың нәтижесін оқу үрдісіндісінде;
- ұйымдастыру-басқарушылық: әр түрлі деңгейде шетел тілінен білім берудің мазмұнын жоспарлау; оқу және білім беру үрдісін жүргізу және ұйымдастыру жолдарын анықтау; шетел тілінде қарым-қатынас жасау құзырын қалыптастыру сапасының менеджменті мен мониторингін іске асыру.

### *1.3.4 Кәсіби қызмет функциясы*

5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша білім бакалаврлары мынадай кәсіптік қызметтерді (функцияларды) орындауға мүмкіндігі бар: педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушы-басқарушылық.

### *1.3.5 Кәсіби қызмет бойынша типтік тапсырмалары*

5B011900-Шетел тілі: екі тілі мамандығы бойынша білім бакалаврлары кәсіби қызметіне байланысты келесі типтік міндеттерді шешуге даярланған болу тиіс:

#### **білім беру қызметі саласында:**

- білім алушыларды оқыту және дамыту, тәрбие және оқыту процесін ұйымдастыру, педагогикалық процессті басқару және жобалау, педагогикалық қызмет нәтижелерін жобалау, түзету және диагностикалау;
- білім беру мекемелерінде сабак жүргізу; нақты жағдайларда әдістемелік білімін және практикалық дағдыларын жүзеге асыру;

#### **оку-тәрбие қызметі саласында:**

- педагогикалық процестің тәрбиелік тетіктерінің заңдарына, заңдылықтарына, принциптеріне сәйкес оку-тәрбие жұмыстарын жүзеге асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты білім беру мәселелері шешу;
- шетел тілі бойынша сабактан тыс іс-шараларға тәрбие мен оқытудың әр түрлі түрлері мен әдістерін іріктеу және пайдалану;
- сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдердің ата-аналармен және білім алушылармен жақсы қарым-қатынастарды құру;

#### **оку-технологиялық қызметі саласында:**

- инновациялық педагогикалық технологиялары оқу процесіне пайдалану;
- ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, филология ғылымдары бойынша ақпаратты іздеу мен өндеуді ұйымдастыру процесіне қатысу.

#### **әлеуметтік-педагогикалық қызметі саласында:**

- студенттер мен білім алушылардың ой-өрісін дамыту және тәрбиелеуде педагогикалық қолдау көрсету үшін қолайлы ортасын құру;

#### **эксперименталды-зерттеу қызметі саласында:**

- ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу;
- шетел тілі пәнін оқытуда озық педагогикалық тәжірибелі зерделеу және қорыту;
- оқу процесінде олардың нәтижелерін енгізу арқылы білім беру эксперименттерін жүргізу

#### **ұйымдастыру-басқару қызметі саласында**

- білім берудің түрлі деңгейлеріндегі шет тілі курсының мазмұнын жоспарлау;

- оку-білім беру үйімдастыру және өткізу жолдарын анықтау;

### *1.3.6 Кәсіби қызметтің мазмұны*

5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша білім бакалавры атқаратын кәсіби қызметтің мазмұны:

- білім беру процесін сапалы үйімдастыру және басқару;

- білім берудің даралық маңызы, білім алушылардың танымдық қызметтің әдістерін белсенді дамытуға бағдарлау;

- барлық білім беру процесін білім алушының жеке басына бағыттау, оның өзін-өзі ашу және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

- студенттерді кәсіби бағдарлау және өз бетінше білім алуға қолайлы жағдайлар жасауға әр түрлі педагогикалық технологияларды пайдалану

- оку үрдісін үйімдастырудың қазіргі заманғы талаптарын ескеріп және шетел тілін менгерудің обьективті заңдылықтары негізінде өзінің кәсіби қызметтерін жоспарлау.

## **2. Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

Оқыту нәтижесі Дублин дескрипторларының бірінші деңгейі (бакалавриат) негізінде анықталады және құзыреттілік арқылы көрінеді. Оқыту нәтижелері бағдарламаның барлық деңгейінде, сондай-ақ жеке пән модулінің деңгейінде сипатталады.

Бірінші деңгейдегі дескрипторлар:

1) зерттең отырған саладағы алдыңғы қатарлы білім элементтерін қоса алғанда, осы сала бойынша білімі мен түсінігін көрсете білу;

2) осы білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана білу;

3) дәйектемелер құрастыру және зерттең отырған саладағы проблемаларды шешу;

4) әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдаулар жасауға қажетті ақпарат жинауды және интерпретациялауды жүзеге асыру;

5) ақпаратты, идеяларды, проблемаларды және шешімдерді мамандарға да, маман еместерге де жеткізе білу қабілеттерінің болуын көздейді.

5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша білім бакалаврының жалпы құзыреттілігі *шешуші* (әлеуметтік-этикалық, экономикалық және үйімдастырудың басқару, өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, академиялық ұтқырылышқа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар) және *кәсіби құзыреттіліктер* негізінде қалыптасады.

## **3. 5B011900 –Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша бітіруші түлекке тағайындалатын құзыреттіліктер:**

### **3.1 Шешуші құзыреттіліктер**

#### **3.1.1.Жалпы білімділікке қойылатын талаптар:**

1) ойлау мәдениеті мен кең көзқарасы қалыптасқан жоғары білімді тұлға қалыптастыруға негіз болатын жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық пәндер бойынша базалық білім **менгеру**;

2) кәсіби қызметі аясында ақпараттық технологияларды қолдана білу, қазіргі техникамен жұмыс жасай алу **дағдысының болуы**;

3) магистратурада білімін жалғастыруға және күнделікті кәсіби қызметтіне қажетті жаңа білімді менгеру **дағдысының болуы**.

#### **3.1.2.Әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптар:**

1) қоғамдық пікірге, дәстүрге, салтқа, қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білу және өзінің кәсіптік қызметінде оларға **сүйену**;

2) іскерлік этика нормаларын сақтау, мінез-құлыштың этикалық және құқықтық нормаларын **игеру**;

3) Қазақстан халқының дәстүрі мен мәдениетін **білу**;

- 4) әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне **толерантты болу**;
  - 5) Қазақстанның құқықтық жүйесі мен заңнамасының негіздерін **білу**;
  - 6) азаматтық, патриоттық, толеранттық өмірге белсенді көзқарас **тәрбileу**;
  - 7) ғылым және ғылыми ойлау туралы жалпы түсінігінің **болуы**;
  - 8) қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін **білу**;
  - 9) түрлі әлеуметтік жағдайларда саналы түрде дұрыс бағыт **ұстана білу**;
  - 10) командада жұмыс істеуге қабілетті болу, өзінің көзқарасын әдеппен **дәлелдей** алу, жаңа шешімдер ұсына **білу**;
  - 11) ортақ келісімге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен ұштастыра **білу**;
  - 12) кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге **ұмтылу**.
  - 13) педагогика мен психологияның ұғымдары мен әдіснамалық негіздерін **білу**;
  - 14) мектеп жасындағы балалардың анатомиялық-физиологиялық негізгі зандылықтары мен **дамуын білу**;
  - 15) әдістеменің теориялық негіздерін **білу**;
  - 16) Шетел тілін мониторингілеудің ғылыми-педагогикалық негіздерін **білуі тиіс**;
- 3.1.3. Экономикалық және үйымдастыру-басқару құзыреттеріне қойылатын талаптар:**
- 1) экономикалық білім негіздерін **менгеру**, менеджмент, маркетинг, қаржы және т.с.с. жөнінде ғылыми түсінігінің **болуы**;
  - 2) экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін **білу** және **түсіну**.
  - 3) оқыту мен тәрбиелеу үдерісін құруды **жузеге асыру**;
  - 4) оқыту мен тәбиелеудің қазіргі технологияларын **пайдалану**;
  - 5) оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерінің мониторингін **жасау**;
  - 6) рухани-адамгершілік, патриоттық, экологиялық және оқушылардың денсаулығын сақтайтын тәрбиені **үйымдастыру** және **өткізу керек**;
  - 7) педагогикалық процессте инновациялық технологияларды **пайдалануы тиіс**;
  - 8) мектеп жасындағы балалардың шығармашылық және сынни ойларын дамытуға арналған сабактарды **үйымдастыру** және **өткізу**.

**3.1.4. Өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсүі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік үткірлікка байланысты дайындыққа қойылатын талаптар:**

- 1) заманауи ақпараттық ағынды бағдарлай білу және әлемдік экономикадағы серпінді түрде өзгеріп отыратын құбылыстар мен процестерге бейімделе білу;
- 2) кәсіптік қызметке байланысты түрлі жағдайларда икемді және ұтқыр болу;
- 3) белгісіздіктер мен қауіп-қатер жағдайында экономикалық және үйымдастыру сипатында шешімдер қабылдау дағыларының болуы.

### **3.2 Кәсіби құзыреттіліктер:**

#### **3.2.1.А - білуі және түсінуі тиіс:**

- A1 – шет тілі пәннің ерекшеліктерін **білу**;
- A2 – шетел тілдерін оқытудың психология-педагогиканың негіздерін **білу**;
- A3 – шетел тілін үйренудің әдістемелік мәселелерінің адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізгі құрал ретінде болуын **білу**;
- A4 – шетел тілдері менгеру деңгейлерін және оларды оқытудың жағдайында арналған бағдарламалар мен оқулықтарда көрініс табуын **білу**;
- A5 – шетел тілін оқытуда инновациялық технологияларды қолдана **білу**.
- A6 – мәдениетаралық коммуникация жағдайындағы шетел тілдері принциптері мен әдістерін **білу**.

#### **3.2.2.В - білім мен түсінгенін қолдануы:**

- B1 - шетел тілінің теориялық білімдерін және зерттеу негіздерін оқу процесінде және құнделікті өмірде қолдана **білу**.

- B2 – оқыту, тәрбие және тұлғаның даму заңдылықтарын ескере отырып тәрбие жұмысын ұйымдастыра алуға;
- B3 – оқытылатын шете тілі еліне байланысты елтану, мәдениеттану, тіл мәдениетін тану материалдарын **білу**;
- B4 – оқушылардың танымдық әрекетін басқара **алуға**;
- B5 – қазіргі педагогикалық технологияларды, соның ішінде ақпарат мультимедиялық құралдарды пайдалана **алуға**;
- B6 – психологиялық-педагогикалық зерттеулердің сандық және сапалық әдістері арқылы әр түрлі жастағы білім алушылардың әрекетіне, қарым-қатынасына, дамуына диагностика **жүргізу**;
- B7 – оқушылардың бойында шетел тіліне мәдениетаралық қарым-қатынас ортасы ретінде оң көзқарас, жалпы адамзат мәдениетінің дамуын, мәдениеттердің жетістіктеріне сын көзben қарай білу қасиетін білу.

### **3.2.3. С- пікір айтууды қалыптастыру:**

- C1 - педагогикалық шындықты тұтас қабылдау және жүйелі ойлау;
- C2 – сынни, аналитикалық, диагностикалық дағдылары, тәуелсіз ойлау;
- C3 – педагогикалық мамандықтың әлеуметтік маңыздылығын түсіну, кәсіби этика қағидаттарын сақтау;
- C4 – талдауға қабілеттілік және ғаламдық экологиялық мәселелері және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы пайымдауларды қалыптастыру.

### **3.2.4. Д - Дарапық коммуникативтік мүмкіндіктер:**

- D1 - қарым-қатынас технологиясын **менгеру**, педагогикалық шеберлік дағдыларын **игеру**.
- D2 – толерантты және педагогикалық ынтымақтастыққа деген **қабілеттілік**.
- D3 – интеллектуалдық, моральдық-адамгершілік, коммуникативтік, ұйымдастыру-шылық-басқарушылық дағдыларын дамытуға **ұмтылу**.
- D4 – өзінің күнделікті өмірі мен кәсіптік қызметінде денсаулыққа зиян келтірмейтіндей технологияларды **қолдану** және еңбекті қорғауды **сақтау**.
- D5 - оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерінің мониторингін **жасау**.

### **3.2.5. Е - оқу дағылары немесе оқуга деген қабілеттілік:**

- E1 - педагогикалық процессте инновациялық технологияларды **пайдалану** тиіс;
- E2 - мектеп жасындағы балалардың шығармашылық және сынни ойларын дамытуға арналған сабактарды **ұйымдастыру** және **өткізу дағдысының болуы**;
- E3 - педагогикалық қызметте рефлексияны жүзеге асыру, мақсатты **қоя білу**;
- E4 - кәсіби қызметінде оқыту мен тәбиелеудің инновациялық оқыту технологияларын пайдалану дағыдысының **болуы**;
- E5 – инновациялық педагогикалық тәжірибелі қолдану және зерделеуге **қабілеттілік**.
- E6 - педагогикалық қызметке деген жоғары мотивация, өз бетінше білім алу мен өзін-өзі жетілдіру дағдысының **болуы**.
- E7 - рухани-адамгершілік, патриоттық, экологиялық және оқушылардың денсаулығын сақтайтын тәрбиені **ұйымдастыру** және **өткізу** керек.

## **4. Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты**

### **4.1 Білім беру бағдарламасына түсүшілердің деңгейін айқындау ережесі**

Білім беру бағдарламасына қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы «19» қантардағы № 111 қауылсымен бекітілген (2012 жылғы 19 сәуірдегі № 487, 2012 жылғы 30 маусымда № 896 қауыларымен өзгерістер енгізілген) «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасына түсуге тілек білдерген талапкерлер үшін бейінді пән - шетел тілі пәні болып табылады.

Шымкент университетінің Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығына түсуге тілек білдерген талапкерлер ҮБТ-дан және КТ-дан 50 баллдан кем емес жинау керек.

2, 3 курста **академиялық** білім беру бағдарламасы бойынша тілек білдірген білім алушылардың оқу жоспарларында пән айырмасы белгіленген міндетті компонеттен аспауы тиіс.

#### *4.2 Оқыту нәтижесін ағымдағы бақылау*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың ұлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізуінді Үлгі ережесіне» бұйрығына (2010 жылы бірнеше өзгерістер енгізілді) сәйкес жүргізеді.

Модульдерді оқыту барысында оқыту нәтижелерін анықтау түрлі нысанда жүргізіледі:

- *ауызша сұрақ-жауап* – пәннің бір немесе бірнеше тақырыбы бойынша оқылған материалдарды өткен соң сұраққа жауап айтуда және ситуацияны талқылауда түрінде жүргізілетін бақылау;

- *жазбаша бақылау* – пәннің әр тақырыбы бойынша практикалық тапсырмаларды орындауда, ситуацияларды талдауда, шешім қабылдауда, қойылған сұрақтар бойынша жұмыс жүргізілетін бақылау;

- *аралас (комбинированный) сұрақ-жауап* – бір немесе бірнеше тақырып бойынша білімді бағалауда ауызша және жазбаша нысандарын бір мезгілде қолдануды қарастыратын бақылау;

- *үй тапсырмасын презентациялауда және қорғау* – алынған білімді жеке және топтық үй тапсырмаларының дұрыс орындалғандығын тексеру мақсатында өткен материалдарды игеру мүмкіндігі және оны жарияға ұсыну, пән тақырыптарының арасындағы логикалық байланысын байқау;

- *лабораториялық жұмыстарды қорғау* – техникалық қауіпсіздікті сақтай отырып, лабораториялық жұмыстарды жүргізу әдістерін бақылау;

- *тесттер* – білім алушылардың оқу жетістіктерін сапалылық және объективті түрғыдан бағалауды іске асыратын белгілі нысандардағы тапсырмалар жиынтығы;

- *бақылау жұмыстары* – теориялық материалдарды бақылау;

- *практикалық жұмыстар* - техникалық қауіпсіздікті сақтай отырып, практикалық жұмыстарды жүргізу әдістерін бақылау;

#### *4.3 Оқыту нәтижесін қорытынды бақылау*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың ұлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізуінді Үлгі ережесіне» (бұл бұйрыққа 2010 жылында бірнеше өзгерістер енгізілді) сәйкес жүргізеді.

Семестрдің соңында әр пән бойынша ауызша, жазбаша немесе тест түрінде емтихан тапсырады.

Жазбаша емтиханның (тест бойынша және билет бойынша жазбаша өткізілетін) кешенді емтиханның жалпы уақыты 3 сағаттан аспауы керек;

Тесттік тапсырмаларға белгіленген уақыт әрбір тапсырмаға 1-2 минут көлемімен есептелініп алынады.

Пән бойынша қорытынды бақылау ағымдық, аралық және қорытынды бақылау бағаларын есепке алады. Бағалау 100 баллдық шкала бойынша жүргізіледі.

8 семестрде білім беру бағдарламасынан игерілген білім бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады және (немесе) дипломдық жұмысты (жобаны) қорғайды. Дипломдық жұмыс (жоба) мемлекеттік аттестаттау комиссиясының алдында жария түрде қорғалады.

#### *4.4 Кредиттерді жинақтауда және бағалауда ережесі*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «**Оқытуудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларына**» сәйкес жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр дәрежесін алу үшін белгіленген 152 ҚР кредиттері және 246 ECTS кредиттерді жинау керек.

Бір оқу жылында 36-48 ҚР кредиттері, 60-67 ECTS академиялық кредиттері есептелген.

Бір семестрде студенттер 18-22 ҚР кредиттері, 29-33 ECTS академиялық кредиттері игеруі тиіс.

Студент белгіленген модуль (пән, пәннің бөлімі, және пәнаралық блок, т.б.) бойынша қорытынды бақылаудан оң баға алған кезде ғана кредиттер игерілді деп есептеледі.

Кредиттер саны алған бағаға байланысты емес, баға міндettі түрде оң баға болуы тиіс.

Баға бағалау кестесіне сәйкес А мен D арасында болса, кредиттер есептеледі.

Егер студент модульді игере алмаса, жалпы кредит саны есептелмейді.

Кредиттік оқыту жүйесі бойынша бағалау жүйесі (кесте 1).

### Кесте 1.

Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдарды нұсандық эквивален ті	Пайызды қ мазмұны	Бал л	ECTS бойынша бағалау
Өте жақсы	A	4,0	95-100	95- 100	A (өте жақсы)
	A-	3,67	90-94	90-94	
Жақсы	B+	3,33	85-89	85-89	B (өте жақсы)
	B	3,0	80-84	80-84	
	B-	2,67	75-79	75-79	C (жақсы)
Қанағаттанарлық сыйз	C+	2,33	70-74	70-74	D (қанағаттанарлық)
	C	2,0	65-69	65-69	
	C-	1,67	60-64	60-64	E (қанағаттанарлық)
	D+	1,33	55-59	55-59	
	D	1,0	50-54	50-54	F(FX) (қанағаттанарлық сыз)

#### 4.5 Түлектердің жұмысқа орналасу динамикасын **бақылау**.

Жоғары білім беру бағдарламасының талаптарын орындалап, мемлекеттік қорытынды аттестациядан сәтті өткен түлғаларға 5B011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі.

Білім бакалавры жалпы орта, орта арнайы және жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу орталықтарында, жергілікті атқарушы органдарда жұмыс істей алады. Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығын бітірушілердің жұмысқа орналасу динамикасы жылдан жылға артып келеді.

## **5. Білім беру бағдарламасын іске асыруға қойылатын талаптар**

### **5.1 Міндетті пәндер каталогы**

Міндетті пәндер - белгіленген кредит шенберінде және үлгілік оқу жоспарында көрсетілген пәндер бойынша білім алушылардың жеке дайындығын айқындайтын міндетті компонентке кіретін оқу пәндері. **Қосымша 1.**

### **5.2 Элективті пәндер каталогы**

Элективтік пәндер - белгіленген кредит шенберінде және білім беру ұйымы енгізетін таңдау бойынша білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өнірдің қажеттіліктерін есепке алатын таңдау компонентке кіретін оқу пәндері. **Қосымша 2.**

5.3 *Практика модулі бойынша бағдарламалар* (оқу, педагогикалық, өндірістік және т.б.). Практика модулінде алынған теориялық білімдерді практика жүзінде бекіту болып табылады. Сондықтан білім алушының оқу, педагогикалық және өндірістік-дипломалды практикалардан өтуі шарт. **Қосымша 3.**

5.4 *Мамандықтың үлгілік оқу жоспары* (міндетті компонент пәндерінің тізбесі мен кредиттердің ең аз көлемін және практиканың, қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерін көрсете отырып, пәндер циклі бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы мен көлемін регламенттейтін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқу құжаты). **Қосымша 4.**

Үлгілік оқу жоспары - білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқытудың тәртібін және бақылау нысандарын реттейтін құжат.

5.5 *Студенттің жеке оқу жоспарының үлгісі* (білім беру бағдарламасын игеру бойынша студенттің жұмыс бағдарламасы). **Қосымша 5.**

### **5.6 Жұмыс оқу жоспарының үлгісі** **Қосымша 6.**

Оқу жұмыс жоспары - мамандықтың ҮОЖ және білім алушының жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымдары дербес әзірлейтін оқу құжаты;

### **5.7 Академиялық календарь.** **Қосымша 7.**

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

### **5.8 Білім беру бағдарламасының мазмұны.** **Қосымша 8.**

Модульдердегі пәндердің Дублин дескрипторларына сәйкес қалыптасатын құзіреттіліктер.

### **5.9 Жиынтық кесте.** **Қосымша 9.**

Білім беру бағдарламасындағы модульдер кесіндісінде менгерілген кредиттер көлемін бейнелейтін жиынтық кесте.

### **5.10 Формуляр.** **Қосымша 10.**

Модульдердегі пәндердің Дублин дескрипторларына сәйкес оқыту нәтижелері көрсетілген.

### **5.11 Кәсіби құзыреттілік және пәндер құзыреттілігінің матрицасы.** **Қосымша 11.**

Пәндер бойынша Дублин дескрипторларына сәйкес қалыптасатын кәсіби құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелері көрсетілген.

5.12 *Білім беру бағдарламасының бітірушілері менгеруі тиіс негізгі құзыреттер* **Қосымша 12.**

Білім беру бағдарламасының паспорты, сондай-ақ білім беру бағдарламасының бітірушілері менгеруі тиіс негізгі құзыреттер.

## **6. Білім беру бағдарламасын қолдау**

### **6.1 Интелектуалды ресурстар (Профессор-оқытушылар құрамы туралы)**

Интелектуальды ресурстар - кафедрадағы оқытушы-профессор құрамының ғылыми дәрежелілігімен сипатталады.

Бүгінгі таңда мамандықтың көсіби пәндерін оқытатын жалпы -12 профессор-оқытушы құрамы бар, соның ішінде ғылым кандидаты, аға оқытушы – 5, аға оқытушы -2, магистр оқытушы – 5. Жалпы алғанда кафедрада ғылыми дәрежелік 50% пайызды құрайды.

Кафедраның оқытушы-профессорлық құрамы жыл сайын біліктілігін көтереді. Біліктілігін көтергеннің растайтын құжат ретінде сертификаттың көшірмесін кафедраға өткізіп отырады. Кафедра оқытушылары марапаттаулар мен алғыс хаттарға ие.

1. Аға оқытушы М.С.Дауеева "Кәсіподаққа енбегі сіңген қызметкер" белгісімен марапатталды. 2013 жыл.

2. Аға оқытушы А.Байтенова "Жаңа формацияда кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері" атты Халықаралық ғылыми -тәжірибелік конференцияға қатысқаны үшін сертификат.

3. магистр, оқытушы Абетаева П. "Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру және жүзеге асыру мәселелері" тақырыбында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысқаны үшін сертификат.

### **6.2. Материалды ресурстар (материалды-техникалық база туралы)**

Материалды-техникалық база «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының спецификасына сәйкес жабдықталған. Оқу пәндеріне байланысты 3 оқу кабинеттері жабдықталған: интерактивті тақтасы бар 1 кабинет, лингафон 1 кабинет және дәріс оқуға арналған 1 аудитория бар.

Сонымен қатар, студенттерді практикандан өткізу үшін төмендегі базалық мекемелермен келісімшарттар жасалған:

Шымкент қаласындағы мектептермен:

1. С.Ерубаев атынлағы № 24 мектеп-лицей;
2. Манкент жалпы орта мектебі
3. Мукуми атындағы жалпы орта мектебі

Осы мекемелерде студенттер алған теориялық білімдерін практикада бекітіп қана қоймай, кейбір пәндерден зертханалық тәжірибе де жүргізеді.

### **6.3. Білім беру ресурстары (Оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылуы)**

Білім беру ресурстары - кітапхана қоры мен электронды окулықтармен және кафедрада дайындалатын оқу-әдістемелік кешендермен, интернет желісімен сипатталады. Университетте электронды оқу залдары ұйымдастырылған. Аталған оқу залында Республикалық кітапхана қорында бар барлық кітаптармен жұмыс жасай алады.

Сонымен қатар, студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту мақсатында шетел елдік ұйымдармен халықаралық келісімшарттар жасалған.

Халықаралық ғылыми байланыстар:

1. И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті, Бишкек.
2. Гулистон мемлекеттік университеті, Өзбекстан Республикасы.

**7. 5B011900-Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының білім беру бағдарламасы компоненттерін бөлу нормасы және құрылымы**

<b>№</b>	<b>Қызмет түрлері</b>	<b>Кредиттер саны</b>	<b>Апта саны</b>	<b>Жалпы сағат саны</b>
1	Теориялық оқыту (1:2), соның ішінде:	<b>129</b>	<b>105</b>	5805
	1) Міндепті пәндер компоненті	46		
	2) Таңдау пәндері компоненті	83		
2	Дене шынықтыру (4 семестр) (2:0)	<b>8</b>	<b>60</b>	240
3	Корытынды аттестация (1:6), соның ішінде:	<b>3</b>	<b>6</b>	315
	1) Мемлекеттік емтихан (1 МЕ үшін)	1	2	105
	2) Дипломдық жұмысты жазу және қорғау	2	4	210
	<b>Жиыны:</b>	<b>140</b>	<b>111</b>	<b>6360</b>
4	Практика (кәсіби), соның ішінде:	6	5-11	150-330
	1) оқу (1:0)	2	1	30
	2) педагогикалық (1:1)	4	4	120
	3) өндірістік (1:4)	4	10	300
5	Демалыстар	-	63-57	-
6	Емтихан сессиясы (7x3 апта)	-	<b>21</b>	-
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b> <b>(52 апта x 4 жыл - 8 апта=200)</b>	<b>146</b>	<b>200</b>	<b>6510-6690</b>

**Ескертпе:**

1. Бакалавр дәрежесін алу үшін студент теориялық оқудың кемінде 129 кредитін және кәсіби практиканың кемінде 6 кредитін игеруі тиіс (мамандықтың ҮОЖ-ында жоспарланған кредит санына қарамастан).
2. Мамандық бойынша 1 мемлекеттік емтиханға 1 кредит, дипломдық жұмысты жазуға және қорғауға 2 кредит жоспарланады (мамандықтың ҮОЖ-ында жоспарланған кредит санына қарамастан).
3. Практикаға бөлінетін кредиттер саны 6-дан кем болмауы тиіс. Оқу практикасы 2 кредит көлемінде, сондай-ақ педагогикалық және/немесе өндірістік практиканың жалпы көлемі кемінде 4 кредит көлемінде жоспарланады.
4. Қорытынды аттестаттаудың жалпы көлемі (сағатпен) және дене шынықтыру сабактары студенттің апталық жүктемесіне енбейді.
5. Қызмет түрлері бойынша апта сандары өзгеруі мүмкін, бірақ студенттің орташа апталық жүктемесі 57 сағаттан аспауы тиіс («Дене шынықтыру» пәнін қоспағанда).
6. Демалыс ұзақтығы бітіруші курсы қоспағанда, оқу жылы бойында 7 аптадан кем болмауы керек. Оқу жылындағы 7 аптадан артық демалыс уақытын ЖОО өздігінен қызметтің басқа түрлеріне қайта бөле алады.
7. Жазғы семестр демалыс есебінен немесе академиялық күнтізбе бойынша бөлек жоспарлануы мүмкін.
8. Мамандықтың ҮОЖ-ында көрсетілмеген жағдайда дипломалды практиканы ЖОО өздігінен демалыс есебінен жоспарлауы мүмкін.

## **8. Білім беру бағдарламасын модернизациялау**

*Білім беру бағдарламасын оқытуудың соңғы нәтижесін талдауды есепке ала отырып, модернизациялау (жаңашаландыру)*

Оқыту нәтижеріне және жұмыс берушілер мен еңбек нарығының сұранысына байланысты білім беру бағдарламаларын қалыптастыру тиімділігі мен тұрақтылығының әлеуетті жыл сайын өзгертілуі мүмкін.